Во-первых, следует учитывать, что уголовная ответственность, в отличие от гражданско-правовой, всегда носит строго персонифицированный характер и является личной. Данное положение напрямую проистекает из предусмотренного в уголовном законе принципа вины, априори не допускающего переложение бремени уголовной ответственности с лица, совершившего преступление, на иное лицо, пусть даже с его согласия. Во-вторых, если законодатель, принимая данную норму, имел в виду низкую платежеспособность несовершеннолетних осужденных либо абстрактную ответственность родителей за действия своих детей, то для этого в законе существуют нормы об ответственности за ненадлежащее воспитание под-

ростков, а также процессуальные возможности заявления гражданского иска в уголовном процессе, направленного на взыскание вреда, причиненного преступлением. Оставляя же возможность родителям исполнять наказание за их детей, законодатель ставит под сомнение также и принцип равенства в уголовном праве. Так, если предположить, что одно преступление было совершено двоими несовершеннолетними групповым способом, и им обоим в последующем судом был назначен штраф, то стоит допустить также возможность незамедлительной уплаты штрафа состоятельными родителями одного из подростков и невозможность исполнения данного наказания менее обеспеченной семьей другого. В таком случае, второй подросток рискует получить замену назначенного штрафа более строгим видом наказания, в связи с фактическим уклонением от его исполнения. Кроме того, отмеченный механизм вовсе не согласуется с целями назначения наказания, лишая его превентивной функции. Представляется очевидным, что содержащаяся в нормах ст. 88 Уголовного кодекса РФ привилегия способна лишить назначение наказания несовершеннолетнему преступнику, как и, в целом, процесс его уголовного преследования, должного воспитательного значения, а значит, ни коим образом не способствует предупреждению явлений криминализации в подростковой среде.

Другие важные вопросы вызывает активно применяемый на практике уголовно-правовой институт принудительных мер воспитательного воздействия (ст. ст. 90-91 УК РФ). Прежде всего, следует отметить, что, сама по себе, возможность применения к не представляющим особой общественной опасности несовершеннолетним отдельных воспитательных мер вместо наказания, является вполне здоровой и, безусловно, служит целям эффективной профилактики процессов криминализации подростков. Разумеется, единожды ошибившись, либо, совершив преступление под влиянием тяжелых жизненных обстоятельств, несовершеннолетний не должен получать на всю свою последующую жизнь «черную метку» в виде факта привлечения к уголовной ответственности. Однако применяемые к подросткам альтернативные наказанию воспитательные меры в таком случае должны по своему содержанию быть строго индивидуализированы, а порядок их применения должен досконально учитывать все особенности личности преступника, а также обстоятельства совершения преступления. При этом правоприменительная практика свидетельствует о том, что, к сожалению, принудительные меры воспитательного воздействия далеко не всегда реализуются должным образом.

Ранее в следственной практике одного из авторов имел место примечательный пример, когда 14-летний подросток Ж. совершил кражу мобиль-

ного телефона одного из одноклассников, причинив законному владельцу похищенного значительный материальный ущерб, то есть совершил преступление, предусмотренное п. «в» ч. 2 ст. 158 УК РФ, относящееся к категории преступлений средней тяжести. Проведенные в отношении подозреваемого комплексная психолого-психиатрическая экспертиза и психолого-педагогическое исследование в специализированном центре показали, что Ж. может быть исправлен без применения к нему наказания, путем назначения принудительных мер воспитательного воздействия в виде передачи под надзор родителей, а также ограничения досуга. Будучи следователем, и, с учетом полученных доказательств, автор окончил предварительное расследование вынесением постановления о прекращении уголовного преследования и направлении уголовного дела в суд для применения принудительной меры воспитательного воздействия, в порядке ст. 431 УПК РФ⁴. Суд согласился с мнением экспертов и отдал несовершеннолетнего под надзор родителей, а также ограничил его досуг в виде запрета пребывать вне дома без сопровождения родителей после 9 часов вечера. Однако уже спустя три месяца после вынесения судом соответствующего постановления данный несовершеннолетний совершил новое преступление, также имущественного характера. Подобных примеров правоприменительной практике известно множество.

Действительно, вызывает вопросы воспитательное воздействие отдельных мер, применяемых к несовершеннолетним преступникам. В частности, не вполне ясно, почему с завидным постоянством криминализованные подростки, зачастую совершившие несколько преступных посягательств, передаются судами под надзор родителей, поскольку их семьи в данном случае уже не справились с возложенными на них обязанностями и не смогли воспрепятствовать склонению несовершеннолетнего к совершению преступлений. Кроме того, сама возможность применения принудительных мер воспитательного воздействия к несовершеннолетнему ставится законом (ч. 1 ст. 90 УК РФ) под единственное формальное условие: в данном случае необходимо, чтобы совершенное подростком преступление относилось к категории небольшой либо средней тяжести. При этом не имеет значение, совершал ли несовершеннолетний преступления ранее или привлекается к ответственности впервые, что также представляется более чем спорным, выливаясь на практике в утрату должного уголовно-правового значения судимости в несовершеннолетнем возрасте.

В этой связи, также весьма слабо согласуется с целями профилактики преступлений несовершеннолетних норма п. «б» ч. 4 ст. 18 УК РФ, согласно которой судимости за преступления, совершенные в несовершеннолет-

нем возрасте, не учитываются при признании рецидива преступлений. С практической точки зрения это означает, что совершившие тяжкие и особо тяжкие преступления несовершеннолетние по последствиям своей судимости ничем не отличаются от подростков, совершивших банальные кражи, подпадающие под признаки норм ч. ч. 1-2 ст. 158 УК РФ.

С учетом изложенного, думается, что определенное разумное ужесточение уголовно-правовой политики в области противодействия преступности несовершеннолетних вкупе с точечным реформированием отмеченных норм уголовного законодательства способны значительно оптимизировать превентивную функцию, обеспечивая необходимые индивидуализацию и адресную направленность специальных предупредительных мер, реализуемых в связи с происходящими в подростковой среде пагубными процессами криминализации.

-
- ¹ *Бельский А. И., Ягодин Р. С., Волков П. А.* Предупреждение преступности несовершеннолетних // Ленинградский юридический журнал. — 2016. — № 2. — С. 105-112.
 - ² Федеральный закон от 08.12.2003 № 162-ФЗ «О внесении изменений и дополнений в Уголовный кодекс Российской Федерации»: Федер. закон [действ. ред.] // СЗ РФ, 15.12.2003, № 50, ст. 4848.
 - ³ Уголовный кодекс Российской Федерации: Федер. закон [принят 13 июня 1996 г.: действ. ред.] // СЗ РФ, 17.06.1996, № 25, ст. 2954.
 - ⁴ Уголовно-процессуальный кодекс Российской Федерации: Федер. закон [№ 174-ФЗ от 18 декабря 2001 г.: действ. ред.] // СЗ РФ, 24.12.2001, № 52 (ч. I), ст. 4921.

Кульжанова Р. Ж. — психолог отдела образования г. Актобе

ПОСЯГАТЕЛЬСТВА НА ПРАВА ПОДРОСТКОВ

Подросток начинает быстро расти — темпы роста можно сравнить только с тем надежнее защищены от возможных посягательств права и свободы несовершеннолетних, независим от каких бы то ни было влияний, его авторитет непоколебим.

Посягательства в подростковой среде всегда повышенный интерес со стороны государства и общества. Это вполне обоснованно, так как молодое поколение является естественным резервом социального развития, а нарушение уголовного закона лицами юного возраста свидетельствуют о существующих недостатках воспитания, условий для включения молодежи в жизнедеятельность общества. Как пишет кандидат юридических наук

С. А. Корягина: «Распространенность преступлений среди лиц молодежной возрастной группы, их качественные характеристики не без оснований могут расцениваться как прогностические для всей преступности». Для того чтобы понять и объяснить истоки и закономерности преступности в молодежной среде необходимо рассмотреть ее количественные и качественные характеристики, которые в конечном счете характеризуют ее состояние.

Состояние и динамика преступности несовершеннолетних среди школ города Актобе за 9 месяцев

На внутри школьном учете школы состоят 143 учащихся, в группе риска 150 учащихся, на учете в отделе внутренних дел - 33 учащихся, неблагополучных семей - 53 из них 64 ребенка.

За 9 месяцев 2020г –в 5 школах зарегистрированы 6 случаев на которых заведены уголовные дела, в них приняло участие 9 учащихся. В сравнении с прошлым годом идет уменьшение преступности на 4 случая.

В соответствии с УК РК статья 293 за хулиганство привлечен учащийся из СШ№10;

В соответствии с УК РК статья 122 часть 1 за половую неприкосновенность привлечены к ответственности учащиеся СШ№53;

В соответствии с УК РК статья 190 за мошенничество привлечен к ответственности учащийся СШ№53;

В соответствии с УК РК статья 191 за грабеж привлечены к ответственности 2 учащихся с СШ№70;

В соответствии с УК РК статья 194 за вымогательства привлечен к ответственности 1 учащийся с СШ№4;

В соответствии с УК РК статья 188 часть 3 за воровство привлечен к ответственности 1 учащийся с СШ№ 22.

Выше указанные факты свидетельствуют о не сплоченной работе правоохранительных органов совместно с общеобразовательными учреждениями и их родителями.

Анализ статистических данных свидетельствует о примерной равной доле преступности несовершеннолетних в общей структуре при неравномерной ее динамике.

Так, анализируя структуру и динамику преступлений, совершенных в молодежной среде, можно сказать, что среди них наиболее распространены корыстные и корыстно-насильственные преступления. Как известно, что основную массу преступлений такого характера, в молодежной среде совершают именно несовершеннолетние, то из этого следует, что совершение подростками довольно ограниченного круга преступных деяний

обусловлено, прежде всего, спецификой их социального статуса: многие преступления просто не могут быть ими совершены, поскольку с 14 лет ответственность наступает лишь за ряд законодательно определенных преступлений. И хотя действующее законодательство предусматривает свыше 130 составов преступлений, за которые несовершеннолетние могут нести ответственность, из них реально подростками совершаются только 19 — 20 видов преступлений.

Следует заметить, что в настоящее время в число относительно распространенных среди несовершеннолетних преступлений входят кражи, грабежи и разбои, мошенничество, преступления, связанные с незаконным оборотом наркотических средств и психотропных веществ.

В целом можно сказать, что в преступности несовершеннолетних прослеживается стабильность состояния большинства совершаемых ими преступлений.

1 — убийство, покушение на убийство, изнасилование, покушение на изнасилование, причинение тяжкого вреда здоровью

2 — разбой, грабеж

3 — кража;

4 — хулиганство;

5 — вымогательство;

6 — незаконное изготовление, приобретение, хранение, либо сбыт наркотических средств и психотропных веществ;

7 — иные.

Причины, порождающие преступность в молодежной среде.

Происходящие в обществе радикальные изменения в политической, социальной и духовной сферах жизни общества оказывают существенное влияние на состояние и структуру преступности. Особенно чутко реагируют на изменения в социальной среде подростковая преступность, что подтверждается результатами многочисленных криминологических исследований.

Преступность, как уже говорилось выше, порождается общими характерной всей преступности причинами (факторами) и взаимодействующей с ними группой факторов, которые отражаются в дефектах социализации подрастающего поколения. Факторы, предопределяющие асоциальное поведение человека, могут быть связаны в прошлом с отрицательным влиянием семьи и окружающей среды, как в прошлом, так и в настоящем.

Анализируя особенности причинного комплекса, ученые отмечают, что они представляют собой последствия различных дефектов социализации личности правонарушителей во взаимодействии с их психофизиче-

скими особенностями и с теми ситуациями, в которых они оказались. «Утрата мировоззренческих и нравственных ориентиров, распад традиционных юношеских институтов социализации при одновременно не высоким авторитете вновь возникающих молодежных организаций, превращение товарно-денежных отношений в основополагающий критерий человеческих ценностей, утверждение потребительско-эгоистических интересов приводит к росту бездуховности, углублению процесса маргинализации в молодежной среде».

Телевидение стало электронным оружием массового поражения, которое особенно опасно для подростков. Многие криминологи, социологи и педагоги отмечают, что между насилием на телеэкране и ростом насильственных преступлений есть прямая связь. Как правильно указывает А.В. Симоненко, что СМИ в противовес правовому просвещению, демонстрируют криминогенное и часто откровенно криминальное просвещение. В последние годы исчезают положительные герои. Их место занимают новые «герои»: рэкетеры, киллеры и т.д.»

Если несовершеннолетние преступники объединяются в группы, то личность каждого из них в отдельности представляет меньшую общественную опасность. Несомненно, является верным то, что групповой способ совершения преступлений существенно повышает опасность содеянного. Следует отметить и то, что совершение кражи группой лиц по предварительному сговору влечет более серьезную общественную опасность. Даже, несмотря на это, данный вид совершения преступления в настоящее время является наиболее распространенным.

Т. Ж. Қаратаев — Қазақ-Орыс халықаралық университеті «Құқықтану» кафедрасының доценті (Ақтөбе қ.), заң ғылымдарының кандидаты

ЖАСӨСПІРІМДЕРМЕН ЖАСАЛАТЫН ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫ САРАЛАУДА АСА ҚАТЫГЕЗДІК БЕЛГІЛЕРІН АНЫҚТАУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ЖАЗАНЫ ТАҒАЙЫНДАУДАҒЫ АЛАР ОРНЫ

Қазақстан Республикасының Конституциясының 1-бабында «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы — адам және оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары»¹ — деп айқын көрсеткен.

Сондықтан, адамдардың құқықтары мен бостандықтары, өмірі мен денсаулығы қолданыстағы барлық заңдармен қорғалады. Егер олардың құқықтарына қатысты қандай да бір заңға қайшы іс-әрекеттер жасалынса онда аталған адамдар жауаптылыққа тартылады. Жауаптылық бірнеше түрлерге бөлінеді (қылмыстық, әкімшілік, азаматтық және тәртіптік). Соның бірі қылмыстық жауаптылық, оның өзіне тән ерекшеліктері бар.

Кез-келген тұлғаға қатысты жасалынған құқық бұзушылықтардың ең ауыр түрі қылмыстық іс-әрекеттер арқылы жасалынады. Себебі, ол адамның өмірі мен денсаулығына елеулі түрде зиян келтіреді.

Қылмыстық жауаптылық қылмыстық жазалау қатерімен тиым салынған қоғамға қауіпті кінәлі түрде істелген іс-әрекет және әрекетсіздік жасалынғанда ғана белгіленеді. Тұлғалар қылмыстық жауаптылыққа, өздерінің істеген іс-әрекеттері үшін қолданыстағы қылмыстық заңнамаларда қарастырылған нақты қылмыстық құрамның белгілері болған жағдайларда тартылады. Мысалы: қарақшылық, ұрлық, ұрып-соғу, денсаулыққа қасақана орташа зиян келтіру, бұзақылық және т.б. Оның өзінде қылмыстық жауаптылық адамдарға нақты қылмыс құрамын түзейтін қылмыстық құқылық нормаларды кінәлі түрде ғана бұзғанда белгіленеді.

Яғни, қылмыстық жауаптылық бұл қылмыстық құқылық норманы бұзудың нәтижесі, қоғамға қауіпті іс-әрекеттің көрінісі. Қылмыстық құқық бұзушылықтар орын алмаса қылмыстық жауаптылық та болмайды. Қолданыстағы қылмыстық заңнамалардың шеңберінде жазалау қатерімен тиым салынған қоғамға қауіпті іс-әрекеттер үшін қылмыстық жауаптылық тек жасалынған қылмыстық құқық бұзушылықтармен келтірілген зиянның көлеміне, қылмыстың жасалу тәсіліне, кінәнің нысанына, қылмыскердің тұлғасының ерекшеліктерін ескере отырып қана жүргізіледі.

Барлық қылмыстық құқық бұзушылықтар іс-әрекеттер мен әрекетсіздік арқылы, қасақана немесе абайсызда жасалынады. Қылмыстық құқық бұзушылықтар әр түрлі жолдармен және әдіс-тәсілдермен жүзеге асырылды.

Қылмыстық құқық бұзушылардың жасалу белгілерінің бірі — аса қатыгездікпен, садизммен, сондай-ақ жәбірленушіні қинаумен орындалады. Қазақстан Республикасы қылмыстық кодексінің 54-бабына сай аталған іс-әрекеттер қылмыстық жауаптылық пен жазаны ауырлататын мән-жайлар ретінде бағаланады².

Қазақстан Республикасы қылмыстық кодексіне сүйенсек аса қатыгездікпен жасалынатын іс-әрекеттерге келесідей құқық бұзушылықтарды жатқызуға болады: Адам өлтіру (ҚР ҚК-нің 99-бабы); Денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру (ҚР ҚК-нің 106-бабы); Денсаулыққа қасақана ауырлығы орташа зиян келтіру (ҚР ҚК-нің 107-бабы); Зорлау (ҚР ҚК-нің 120-

бабы); Сексуалдық сипаттағы зорлық-зомбылық әрекеттері (ҚР ҚК-нің 121-бабы). Аталған құқық бұзушылықтардың барлығы «жеке адамдарға қарсы жасалынған» қылмыстық құқық бұзушылықтардың қатарына жатады. Яғни, адам өлтіруді, басқа адамды құқыққа қарсы қасақана қазаға ұшырату; денсаулыққа қасақана ауыр және орташа зиян келтіру; жәбірленушіге немесе басқа адамдарға күш қолданып немесе оны қолдану қатерін төндіріп не жәбірленушінің дәрменсіз күйін пайдаланып жыныстық қатынас жасау; күш қолданып немесе оны қолдану қатерін төндіріп не жәбірленушінің дәрменсіз күйін пайдаланып еркек пен еркектің жыныстық қатынасы, әйел мен әйелдің жыныстық қатынасы, жәбірленушіге немесе басқа адамдарға жасалған сексуалдық сипаттағы өзге де әрекеттер үшін кодексте аса қатыгездік белгілері қаралған.

Сонымен қатар, бұзақылық (ҚР ҚК-нің 293-бабы) үшін аса қатыгездік белгісі қаралған. Бұзақылық қоғамдық тәртіпке және қауіпсіздікке қарсы жасалынған құқық бұзушылықтарға жатқызыла ды. Яғни қоғамдық тәртіпті қоғамды құрметтемеу анық көрінетін, азаматтарға күш қолданумен не оны қолдану қатерін төндірумен, сол сияқты бөтеннің мүлкін жоюмен немесе бүлдірумен не барынша арысздықпен ерекшеленетін әдепсіз әрекеттер жасаумен ұштасқан аса қатыгездікпен бұзу арқылы жүзеге асырылады.

Жануарларға қатыгездік жасау (ҚР ҚК-нің 316-бабы) жануарларға олардың өлуіне немесе мертігуіне әкеп соққан іс-әрекеттер, егер бұл іс-әрекет бұзақылық ниетпен немесе садистік әдістерді қолдана отырып жас балалардың көз алдында жасалса қатыгездік болып есептелінеді.

Қолданыстағы нормативтік актілерге, сот тәжірибесі мен әдебиеттерге саралау жасасақ *«аса қатыгездік»* белгісіне қатысты біркелкі ұғым жоқ.

Мысалы, *«аса қажеттілік»* ұғымын талдауға қатысты отандық түсіндірме сөздік кітаптарға саралау жасағанда, *«аса қатыгездік»* ұғымына нақты түсіндірме берілмегендігін білуге болады. Ал, *«қатыгездік»* ұғымын алсақ ол *«каталдық, аяусыз, мейірімсіздік»* деген мағыналарды береді. *«Аса»* деген сөздің мағынасы *«айрықша, өзгеге ұқсамайтын, жекелей, өзгеше»* деген ұғымдарды қамтиды.

Осыдан шығатын болсақ, аса қатыгездікпен жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтар айрықша өшпенділікпен, мейірімсіздікпен жүзеге асырылады.

Қылмыстық құқықтық әдебиеттерінде *«аса қатыгездік»* пен *«қатыгездік»* ұғымы бірдей деп есептелінеді, сондықтан ерекшеліктер көрсетілмеген.

Аса қатыгездікпен, садизммен, қорлаумен, сондай-ақ жәбірленушіні қинай отырып қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасау, көбінесе жеке

адамдарға, олардың өміріне, денсаулығына, бостандығына қарсы жасалады. Адам өлтіру, зорлау, қарақшылық, бұзақылық кейбір жағдайларда аса қатыгездікпен жасалынады, сонымен қатар өзге де аса ауыр қылмыстық құқық бұзушылықтарда бұл белгілер көрініс беруі мүмкін. Оған балаларының көзінше анасын азаптауды, сабау немесе жәбірленушіні жанын қинап өлтіру, ерекше қаталдықпен мүлікті қорқытып талап ету сияқты іс-әрекеттерді жатқызамыз. Яғни, қылмыскерлер осы көрсетілген тәсілдер арқылы жәбірленушіні қинап, оны азаптап, жанын, тәнін ауыртып, оған аса ауыр материалдық және моральдық ауырлықты келтіру арқылы қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасайды. Жәбірленушіні қинап, қорлық көрсету дегеніміз кінәлінің жәбірленушіге қарсы шектен шыққан арыздықпен қылмыс істеуі, оның ар-намысын, адамгершілігін аяққа басу арқылы моральдық немесе материалдық зардап келтіруін айтамыз. Аталған белгілерді жауаптылықты ауырлататын мән-жайларға жатқызу үшін, сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдарының, соттың кінәлінің ерекше қаталдықпен немесе жәбірленушіге қорлық көрсетіп қылмыстық құқық бұзушылық істеу тәсілін қолдануды сезгенін сот тәжірибесінде анықтау аса қажет³.

«Адамның өмірі мен денсаулығына қарсы кейбір қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралау туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2007 жылғы 11 мамырдағы № 1 Нормативтік қаулысының 10 тармағына сүйенсек⁴, «Қаза келтіру тәсіліне қатысты мән-жайларды бағалаған кезде қылмыскердің жәбірленушіге қатысты аса қатыгездік жасағанда тән немесе жан күйзелісі қасіретін келтіретін әрекеттерді қасақана жасайтындығын ескеру керек. Яғни, аса қатігездік белгілері келесідей жағдайларда көрініс береді: қылмыскер адам өлтірудің алдында немесе оны орындау кезеңінде жәбірленушіні азаптау, қинау немесе оны қорлау әрекеттерін жасайды; кінәлі кісі өлтіру кезеңінде жәбірленушіге ерекше күйзелістер мен қасіреттер (жәбірленушіні өлер алдында ұрып-соғу немесе оған аса ауыр жарақаттар келтіру; оны ұзақ уақыт бойы моральдық тұрғыдан азаптау, аса қиналыс тудыратын улы заттарды пайдалану; жәбірленушіні тірідей өртеу; аязда жылы киімсіз қалдыру; адамды астан, судан айыру және т.б.) келтіретін тәсілдерді жүзеге асырады».

Аталған іс-әрекеттер зорлық жасаумен де сәйкес келеді. Зорлық дегеніміз – бір адамның екінші бір адамға оның жеке басына тиіспеушілік құқығын бұзатын тән және психикалық тұрғыдан жасалатын іс-әрекеті. Зорлық тән және жан азабын шектірген зорлық болып екіге бөлінеді. Тән азабын шектірген зорлық – адамның ағзасына тікелей әсер ету арқылы ұрып-соғу, денесіне, денсаулығына зиян келтіру, түрлі тәсілдермен азаптап қинау арқылы жасалынады. Тән азабын шектірген зорлықтың салдарынан

жәбірленушінің денсаулығына аса ауыр зиян келтіріледі. Жан азабын шектірген зорлық – жәбірленушінің қарсылық көрсетуіне, өз құқықтары мен мүдделерін қорғауына деген ерік-жігерін жасығу мақсатында қорқыту, өлтіремін деп қоқан-лоққы жасау жолымен адамның психикасына әсер ету арқылы іске асырылады. Жан азабын шектірген зорлық жүйке ауруына немесе жан ауруына ұшыратуы мүмкін. Зорлық мән-жайына: қылмыстың айрықша қатыгездікпен немесе жәбірленушіні қорлап азаптаумен жасалуын; қылмыстың жасалу тәсіліне: кісі өлтіру, әуе кемесін айдап әкетуді; қылмыс құрамын айқындаушы белгіге: зорлау кезін жатқызуға болады. Аталған белгілер жауаптылықты ауырлатуы мүмкін. Зорлықпен жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтар қоғамдық қауіпті сипатқа ие болады.

«Зорлау және өзге де нәпсіқұмарлық сипаттағы күш қолдану әрекеттерімен байланысты қылмыстарды саралаудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2007 жылғы 11 мамырдағы N 4 Нормативтік қаулысының 10 тармағына сай⁵, «Жәбірленушілерді қорлау және мазақтау, оларды зорлау немесе өзге нәпсіқұмарлық сипаттағы күш қолдану әрекеттері барысында азаптау, сондай-ақ оларды қинап, ауру және қасірет шектіру мақсатында қасақана дене жарақаттарын келтіруді аса қатыгездік деп түсіну керек. Осы саралау белгісі бойынша жәбірленушілерді қинауды және зардап келтіруді тілеген немесе саналы түрде жәбірленушілерге немесе басқа адамдарға дене немесе моральдық қиналуды және күйзелісті келтірген кінәлілер жауапқа тартылуға жатады. Басқа адамдарға қатысты аса қатыгездікпен жасалған деп мысалы, анасын балаларының алдында зорлау, күйеуінің алдында әйеліне нәпсіқұмарлық сипаттағы күш қолдану және тағыда басқа әрекеттерді жасау танылуы мүмкін».

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы ҚК-нің 110-бабына сай «Қинау - азаптауды қолдану арқылы» жасалынады.

Қазақстан Республикасының «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» 2009 жылғы 4 желтоқсандағы Заңында⁶ «Отбасы-тұрмыстық қатынастар аясында бір адамның басқаларға қатысты дене зардабын және психикалық зардап келтіретін немесе келтіру қаупі бар құқыққа қарсы қасақана іс-әрекеті немесе әрекетсіздігі» деп айқындалған. Зорлық-зомбылық, егер: жұбайлар; бұрынғы жұбайлар; бірге тұратын немесе тұрған адамдар; жақын туыстар; ортақ балалары бар адамдар арасында отбасылық-тұрмыстық қатынастар аясында жасалса «тұрмыстық» ретінде сараланады.

Осы нормативтік-құқықтық актілерді тұрмыстық зорлық-зомбылықтың 4 түрі көзделген:

1. Күш көрсету – дене күшін қолданып, денені ауырытып денсаулыққа қасақана зиян келтіру.

2. Психологиялық тұрғыдан – адамның психикасына қасақана әсер ету, оны қорқыту, қорлау, бопсалау немесе құқық бұзушылықтарды немесе өмірге немесе денсаулыққа қауіп төндіретін, сондай-ақ психикалық, дене және жеке басы дамуының бұзылуына әкелетін әрекеттерді жасауға мәжбүрлеу (еріксіз көндіру) арқылы ар-намысы мен абыройын кемсіту.

3. Сексуалдық – адамның жыныстық тиіспеушілігіне немесе жыныстық еркіндігіне қауіп төндіретін құқыққа қарсы қасақана іс-әрекет, сондай-ақ кәмелетке толмағандарға қатысты сексуалдық сипаттағы іс-әрекеттер.

4. Экономикалық – адамды заңда көзделген құқығы бар тұрғын үйінен, тамағынан, киімінен, мүлкінен, қаражатынан қасақана айыру.

Жоғарыда көрсетілгендерді саралай келе келесідей қорытындыға келеміз: Яғни, аса қатыгездік — жәбірленушіге аса тән немесе жан күйзелісі мен қасіретін келтіретін қасақана жасалатын іс-әрекеттер мен әрекетсіздік. Аса қатігездік белгілеріне: адам өлтіру алдында немесе оны орындау процесінде жәбірленушіні азаптау, қинау немесе оны қорлауы; кісі өлтіру барысында жәбірленушіге ерекше күйзелістер мен қасіреттер әкелуі жатқызылады.

¹ Қазақстан Республикасының Конституциясы: 1995 жылғы 30 тамызда қабылданған // <http://adilet.zan.kz> (жүгіну күні: 03.02.2021).

² Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі: Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 4 шілдедегі кодексі // <http://adilet.zan.kz> (жүгіну күні: 03.02.2021).

³ **Ағибаев А. Н.** Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне түсіндірме. Жалпы және Ерекше бөліктер. — Алматы: Жеті Жарғы, 2015. Б. 112.

⁴ Адамның өмірі мен денсаулығына қарсы кейбір қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралау туралы: Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2007 жылғы 11 мамырдағы № 1 Нормативтік қаулысы // <http://adilet.zan.kz> (жүгіну күні: 03.02.2021).

⁵ Зорлау және өзге де нәпсіқұмарлық сипаттағы күш қолдану әрекеттерімен байланысты қылмыстарды саралаудың кейбір мәселелері туралы: Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2007 жылғы 11 мамырдағы № 4 Нормативтік қаулысы // <http://adilet.zan.kz> (жүгіну күні: 01.02.2021).

⁶ Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы: Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы Заңы // [http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P04000018S /history](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P04000018S/history) (жүгіну күні: 04.08.2020).

М. Г. Қарымсақов — Қазақстан Республикасы ІІМ М.Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институтының қылмыстық құқық, қылмыстық процесс және криминалистика кафедрасының кафедрасының оқытушысы, полиция майоры

ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ҚЫЛМЫСТЫЛЫҒЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ

Тәуелсіз Қазақстан Республикасының саяси, экономикалық және әлеуметтік тұрғыдан даму, өркендеу процесі берік орын алады. Елімізде жылма-жыл алға өрлеушілік, дүниежүзілік деңгейге көтерілуге қадам басқандық айқын көрініс беруде. Сондықтан да, еліміздің болашағы жасөспірімдердің қолында болғандықтан, мемлекет оған ерекше мән береді.

Кәмелетке толмағандар — бұл жас ерекшеліктері мен қоғамдағы мәртебесімен ерекшеленетін, құқықтық реттеудің белгілі бір ерекшеліктері бар ерекше әлеуметтік топ: бала мен жастықтан әлеуметтік жауапкершілікке көшу. Кәмелетке толмағандардың едәуір бөлігінде оларды халықтың басқа топтарынан тиімді ажырататын ұтқырлық, зияткерлік белсенділік және денсаулық деңгейі бар.

Кәмелетке толмаған орта өзінің әлеуметтік сипаттамалары мен қоршаған ортаны қабылдаудың өткірлігіне байланысты теріс наразылық әлеуетін жинақтау және іске асыру ең жылдам жүретін қоғамның бөлігі болып табылады.

Әлеуметтік, саяси, экономикалық және басқа факторлардың әсерінен кәмелетке толмаған ортада деструктивті әсерге бейім қылмыстық көзқарастар мен сенімдер оңайырақ қалыптасады.

Жасөспірімдер арасындағы қылмысқа әрқашан үлкен назар аударылады және осы мәселе қоғамның маңызды әлеуметтік-құқықтық проблемаларының бірі болып табылады. Жасөспірімдер жасаған қылмыстар екі есе ауыр, өйткені бұл нонсенс. Бала әрқашан таза және жарқын нәрсемен байланысты, ал мұнда адамгершілікке жатпайтын қатыгездік, алдау, жеккөрушілік сияқты іс-әрекеттер жасалынады.

Статистика бойынша 12 жастан 16 жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар көптеген қылмыстар жасайды және балалар қылмысы өсуде. Балалар мен жасөспірімдердің қылмыстық мінез-құлқының алдын алу үшін мемлекет күш салғанына қарамастан, бұл салада айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізу мүмкін болар емес.

Статистика көрсеткендей, жасөспірімдер жыл сайын 300 мыңнан астам қылмыс жасайды, олардың 100 мыңға жуығы – қылмыстық жауапкершілік жасына жетпеген балалар. Бұдан басқа, жыл сайын кәмелетке толмағандар жасайтын 1 млн. астам әкімшілік құқық бұзушылық тіркеледі. Қылмыстың

алдын алу қажеттілігі қылмыстың пайда болуымен және дамуымен туындады. Платон мен Аристотель бүлінген талғам мен әдеттерге қарсы күрес қылмыстың алдын алуға оң әсер етеді деп сенді.

Жасөспірімдер арасындағы қылмыстың алдын - алу негізінен қылмыстың алдын-алудың негізгі принциптеріне негізделген, бірақ сонымен бірге жасөспірімдер жасаған қылмыстардың алдын-алуда олардың басқа жас санатындағы адамдардан айырмашылығына, сондай-ақ олар жасаған қылмыстардың ерекшелігіне байланысты ерекшеліктер бар¹.

Балалар қылмысына қарсы күрес мәселелері көптеген ғасырлар бойы пайда болды және шешілді, осыған қатысты бірыңғай терминология әлі күнге дейін, ғылым мен тәжірибеде дамымаған. Кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың алдын алу кәмелетке толмағандар жасайтын қылмыстардың деңгейін әлсіретуге бағытталған күрделі және жан-жақты жұмысты талап етеді.

Кәмелетке толмағандардың қылмысы сансыз. Олар авторлардың философиялық көзқарастарының, социологиялық мектептер мен бағыттардың, құқықтық көзқарастардың және тіпті діни көзқарастардың ізін қалдырады. Мен өз жұмысымызда криминология тұрғысынан сипаттайтын боламын.

Қылмыс-криминология ұғымы, ол барлық нақты жасалған заңсыз әрекеттердің жиынтығын білдіреді, олардың әрқайсысы үшін қылмыстық жауапкершілік, сондай-ақ белгілі бір заңдылықтары, сандық және сапалық сипаттамалары бар жаппай теріс әлеуметтік-құқықтық құбылыс қарастырылған. Қылмыс «әлеуметтік патологияның» ең қауіпті түрі болып саналады - жалпы қабылданған нормадан ауытқып, девиантты мінез-құлық.

Кәмелетке толмағандарда қылмыстық мінез-құлықтың қалыптасуына әсер ететін факторлар, ең алдымен, олардың өмір сүру және білім алу жағдайлары болып табылады. Кәмелетке толмағандарда қылмыстық мінез-құлықтың қалыптасуына әсер ететін негізгі фактор-бұл отбасындағы теріс әсер. Отбасы-ең маңызды әлеуметтік институт. Отбасында жасөспірімнің жеке басының қалыптасуы жүреді. Бірақ әрқашан отбасылар баланың дамуы үшін қолайлы жағдай бола бермейді. Отбасылық тәрбиенің қолайсыз факторларының ішінде, ең алдымен, ата-аналардың азғын өмір салты, олардың жалпы білім деңгейінің төмендігі, отбасындағы эмоционалды-қайшылықты қатынастар және қаржылық жағдайының нашарлығы атап өтіледі.

Кәмелетке толмаған деп - ҚР Қылмыстық Заңында қылмыс жасаған кезде он төрт жасқа толған, бірақ он сегіз жасқа толмаған адам. Азаматтық құқық кәмелетке толмағандарды (14 жастан 18 жасқа дейінгі адамдар) және жас балаларды (14 жасқа толмаған адамдар) депажуратады².

Кәмелетке толмағандардың қылмысы екі терминді қамтиды, біріншіден, қылмыс ұғымы, екіншіден, кәмелетке толмаған құқық бұзушы ұғымы. Кәмелетке толмағандардың қылмысына қылмыстың түріне қарамастан 14 жастан 18 жасқа дейінгі адамдар жасаған қылмыстардың барлық жиынтығы кіреді. Бұл қылмыстың осы санатқа жатқызылуын анықтайтын қылмыскердің жасы, сондықтан әскери, лауазымдық және басқа да қылмыстар жалпы массадан шығарылады, олар үшін жауапкершілік тек 18 жастан басталады.

Қылмыстың жалпы ережелеріне байланысты кәмелетке толмағандардың қылмысы өзіндік сипаттамаларға ие. Бұл негізінен кәмелетке толмаған қылмыскерлердің жас, психологиялық, жеке айырмашылықтары және қылмыс жасауға ықпал ететін жағдайлардың көрінісі мен әрекеті бар қылмыстық мінез – құлық механизмі; олардың қылмысының динамикасы, құрылымы, демографиялық және әртүрлі әлеуметтік-экономикалық және моральдық-психологиялық салаларға қатысты басқа да факторлар³.

Кәмелетке толмағандардың қылмысының жоғары кідіріс сияқты ерекшелігі бар. Бұл, біріншіден, кәмелетке толмағандардың қылмыстары көбінесе ауыр зардаптарға әкелмейді және жәбірленушілер бұл қылмыстар туралы құқық қорғау органдарына мәлімдемейді. Екіншіден, бейресми криминогендік топтардағы құрдастарына қарсы көптеген қылмыстар жасалады. Осы қауымдастықтардың жабық болуына байланысты құқық қорғау органдарына жасалған қылмыстар туралы ақпарат белгісіз, бұл тергеуде жазасыздық пен рұқсатсіздікке әкеледі, нәтижесінде кәмелетке толмағандар өздерінің жазасыздығын бағалай отырып, одан да маңызды қылмыстарға немесе олардың серияларына барады.

Айта кету керек, кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың маңызды факторларының бірі-балалардың қадағалаусыздығы. Қадағалаусыздық балалардың өздерін отбасынан, балалар тобынан иеліктен шығарудан және сонымен бірге ата-аналар мен тәрбиешілердің балаларға деген немқұрайдылығынан көрінеді. Бұл құбылыс кәмелетке толмағандардың жеке басының дұрыс қалыптасуына қауіп төндіреді және әлеуметтік жағымсыз дағдылардың дамуына ықпал етеді. Бірақ, қадағалаусыздықты қоғамға жат отбасылардан шыққан кәмелетке толмағандар ретінде түсінуге болмайды, қараусыз қалған кәмелетке толмағандар арасында материалдық жағынан қамтамасыз етілген, гүлденген отбасылар аз емес. «Шамадан тыс ыңғайлы тип» категориясы. Олар отбасында бәрі керек, бірақ бұл ретте оларда ешқандай алдындағы міндеттерін туған-туысқандары. Мұндай бала бір күнде өз мақсаттары мен перспективаларынсыз өмір сүреді, ойынсауыққа ұмтылады, біреудің ықпалына оңай түседі, көбінесе теріс⁴.

Кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың келесі ерекшелігі — бұл ерекше қатыгездік, өз құрбандарына деген батылдық, көбінесе өзім-шілдік, бұзақылық мотивтерді, құрдастар арасындағы беделін арттыруға деген ұмтылысты, ашуланшақтықты немесе жалған камарадия сезімін басшылыққа алады.

Теріс болып табылатын жасөспірімдер арасындағы қылмыстың бір ерекшелігі, кәмелетке толмағандардың топтық заңсыз әрекеттері, топтардың өздері сияқты, қоршаған шындықтың объективті жағдайларына байланысты сандық және сапалық сипаттамаларын үнемі өзгертіп отыратындығына қарамастан, қылмыстың топтық сипаты болып табылады.

Жасөспірімдердің жасаған қылмыстары үшін жауаптылығының өзіндік ерекшеліктері де бар. Себебі, олар көбінесе салдары туралы ойламай-ақ құқық бұзушылықтар, сондай-ақ әлеуметтік қауіпті әрекеттер жасайды. Әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілікке тарту жасына жетпей, олар жазаланбайды деп сенеді.

Қылмыс жасаған кәмелетке толмағандарға тәрбиелік ықпал студияның мәжбүрлеу шаралары қолданылуы мүмкін не оларға жаза тағайындалуы мүмкін, ал сот жазадан босатқан кезде олар сондай-ақ жабық үлгідегі арнаулы оқу-тәрбие мекемесіне орналастырылуы мүмкін.

Кәмелетке толмаған адамға жасалған қылмысы үшін жаза тағайындау кезінде кәмелетке толмағанның өмір сүру және тәрбиелеу жағдайлары, психикалық даму деңгейі, жеке басының басқа да ерекшеліктері, жасы үлкен адамдардың әсері қарастырылады және ескеріледі. Кәмелетке толмағандарды жазалау, ең алдымен, тәрбиелік рөл атқарады және сонымен бірге білім береді⁵.

Жасөспірімдер арасындағы қылмыстың алдын алу-бұл кәмелетке толмағандардың қоғамға қарсы әрекеттеріне ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтауға және жоюға бағытталған әлеуметтік, құқықтық, педагогикалық және басқа шаралар жүйесі.

Қылмыстың алдын алу мемлекеттік немесе қоғамдық органның немесе белгілі бір адамның қызметінің жеке бағыты болуы мүмкін немесе оның әрекеттерінің жанама нәтижесі болуы мүмкін.

Кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың жалпы профилактикасы, бұл құқық бұзушылық профилактикасы объектілеріне жалпы әсер ету нысаны.

Кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың жеке профилактикасы бұл кәмелетке толмағанның қоғамға қарсы бағыттылығы мен қоғамдық қауіпті мінез-құлқының қалыптасуына, сондай-ақ оны әлеуметтік-педагогикалық оңалту және (немесе) оның құқық бұзушылықтары мен қоғамға

қарсы іс-әрекеттер жасауының алдын алу жөніндегі қолайсыз әсерлерді жоюға бағытталған нақты кәмелетке толмағанға жеке ықпал ету нысаны.

Сонымен жоғарыдағыларды қорытындылай келе, жасөспірімдер арасындағы қылмыстың алдын алудың — азаматтардың қауіпсіздігін арттыру, барлық алдын-алу субъектілерінің өзара іс-қимылын оңтайландыру арқылы заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайту, кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың алдын-алуда муниципалитеттердің, елді мекендердің жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, құқық қорғау органдарының, қоғамдық бірлестіктердің және халықтың күш-жігерін біріктіру. Кәмелетке толмағандардың құқықтары мен мүдделерін қорғау, әлеуметтік қауіпті жағдайдағы кәмелетке толмаған адамдарды әлеуметтік-педагогикалық оңалту. Кәмелетке толмағандар қылмысқа қатысуы мүмкін жағдайларды анықтау және жолын кесу, бұған ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау.

Егеменді де өркениетті елдің бүгіні мен ертеңін өрге бастырар – бүгінгі өрендер ол жасөспірімдер. Болашақтың тізгінін ұстайтын олардың атқарар әрекетінің түп тамыры бүгінгі күнмен тығыз байланысты. Сондықтан да қазіргі жағдайда жасы кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыс пен күрес жүргізу мәселесі жалпы мемлекеттік деңгейде алған бағыттағы міндеттердің бірі болып табылады.

-
- ¹ Криминология: Учебник для вузов / Под ред. А. И. Долговой. — М.:Норма, 2005. — 868 с.
 - ² Нормативные акты и материалы по вопросам защиты прав несовершеннолетних. — Алматы, 2007. — 197 с.
 - ³ **Мауленов Г. С.** Основные характеристики преступности в Республике Казахстан. — Алматы, 1999. — 160 с.
 - ⁴ **Бегалиев К. А.** Предупреждение безнадзорности и правонарушений несовершеннолетних. — Алматы, 1990. — 198 с.
 - ⁵ **Нарикбаев М. С.** Уголовная ответственность несовершеннолетних // Правовая инициатива. — 1998. — № 1. С. 14.

А. Ә. Қуатова — Қазақ-Орыс Халықаралық университетінің аға оқытушысы, заң ғылымының магистрі;

Ж. Қ. Дубирова — Қазақ-Орыс Халықаралық университетінің «Құқық» білім беру бағытының 4 курс студенті

ЮВЕНАЛДЫҚ ӘДІЛЕТ ЖҮЙЕСІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘНІ

Қазақстан Республикасында кәмелетке толмағандарға қатысты сот әділігіне аса жоғары деңгейде назар аударылады. Ол жөнінде «Қазақстан Республикасының 2010 жылға дейінгі құқықтық саясат тұжырымдамасының» бір бағытын жүзеге асыру мақсатындағы ювеналдық әділет үшін жағдай жасау жөніндегі өткізілген сараптама кәмелетке толмағандар қылмысы туралы іс бойынша соттары мамандандыру қажеттілігін көрсетті.

Балалар құқығын сақтауға қол жеткізу тұрғысындағы маңызды бағыттардың бірі балалардың қараусыз қалуының алдын алуға, заңмен қарамақайшылықтағы балалардың құқығын сақтауға бағытталған нақты шаралардың қабылдануы.

Бұл механизмді ювеналдық әділет немесе кәмелеттік жасқа толмағандарға қатысты заңдылық деп атауға болады. Ювеналдық әділет кәмелеттік жасқа толмағандар үшін ерекше заңдылық жүйесі, оның негізінде мемлекет, тұлға және асыраушысы ретінде оларды қауіпті мінез-құлықтардан және ортадан қорғай отыра кәмелетке толмаған жастарға жауапты болып доктрина жатыр.

Ювеналдық әділет біршама гуманитарлық-процессуалдық нормаға сәйкес құрылуы қажет және осылайша кәмелетке толмаған тәртіп бұзушы үшін әр түрлі әлеуметтік және тәртіп сақтау қызметін, отбасы мен кәмелетке толмаған жастар ісі жөніндегі соттар жүйесін өзіне біріктіре алар еді.

Ювеналдық әділет жүйесіне, кең тұрғыда алғанда, мыналар енуі қажет:

- ювеналдық соттар институты;
- ювеналдық прокуратура;
- балалар адвокатурасы;
- балалар құқығы жөніндегі өкілетті агенттік;
- әлеуметтік мекемелер инфрақұрылымы және әлеуметтік қызметкерлер институты¹.

Тікелей қылмыстық жаза жасөспірімдер үшін төтенше шара, сондай-ақ жасөспірімдерге қатысты қылмыстық жазалармен байланысты емес тәрбиелік ықпал ету шараларын жүзеге асыруға, жасөспірімді түрлі әлеуметтік психологиялық және сауықтыру бағдарламаларына бейімдеуге негізделген кең тараған құқық қолдану тәжірибесі болуы керек.

Осылайша, ювеналдық әділет:

- кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың тиімді алдын алуды;

- кәмелетке толмағандарға қатысты қандай да болмасын құқықтық шешімнің әділдігін;

- олардың өмірі мен тәрбиесі, сол секілді олардың жасаған құқық бұзушылығы жағдайларына байланысты азаматтық, әкімшілік және қылмысты істерді шешу барысында кәмелетке толмағандар мен жастардың заңды мүдделері мен құқықтарын қорғауды;

- барынша қолайлы өмір жағдайында бала тұлғасын элеуметтендіруді қамтамасыз етуі қажет.

Ювеналдық әділет кәмелетке толмағандар үшін сот төрелігінің ерекше жүйесі. Бұл жүйенің негізінде «*parens patrie*» доктрина жатыр, осыған орай кәмелетке толмағандар үшін оларға зиян келтіруші ортадан және қауіп төну тәртібінен сақтай отырып, мемлекет қамқоршы немесе жауапты тұлға болып келеді. Бұл тәсіл екі идеямен негізделген: жеткіншектер өздерінің дамуында өзінің нақты қылықтарын ұғынуға және оған толық жауап тартуына әлі қабілетсіз; жеткіншектің жас мөлшеріне қарап оны әлі қайта тәрбиелеуге болады.

Ювеналдық әділеттің рөлі мен мәні құқық бұзушы жас жеткіншекті қоғамға қайтару болып табылады. Бұл стратегияны іске асырудағы әдістер мен тәсілдер, кәмелетке толмағандар арасында қылмыстың себебін анықтау және алдын алу болып табылады.

Ювеналдық әділет жүйесі терминін тар және кең мағынада бөліп көрсетуге мүмкіндік береді. Кең мағынада ол кәмелетке толмағандар арасында қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын алуды, жасөспірімдердің қылмыстарының статистикасы мен олармен күресу жолдары, құқық қорғау органдарының кәмелетке толмағандардың жасаған қылмыстарымен күресу іс әрекеттерін белгілейді. Тар мағынада ювеналдық әділет жүйесі кәмелетке толмағандар ортасында жасалған қылмыстар мен құқық бұзушылықпен күресетін және олардың алдын алатын мемлекеттік құқық қорғау органдарының статусын білдіреді. Осыған байланысты, ювеналдық әділет бұл сот ісіне тартылған кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды елерін қорғауға, балалар мен жасөспірімдердің қылмыстарының алдын алуға, олардың девианттық мінез құлқын кесуге бағытталған заңнама және тәсілдер мен әдістер жүйесі.

Ювеналдық әділет жүйесінің негізгі мақсаты болып табылатын балалардың құқығын қамтамасыз етуді кейбір зерттеушілердің айтуынша, бұл процесске азаматтық қоғамдық институттардың кең де тиімді қатысуынсыз жүзеге асыру мүмкін емес. Сонымен қатар, балалар мен жасөспірімдердің

қылмыстарына талдау жасап, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау саласында қосымша шаралар қажет екенін байқауға болады. Қазақстанда ювеналдық әділет жүйесінде арнайы сот жүйесі, полиция мен прокуратурада арнайы құрылымдар, жазалауды орындайтын арнайы жүйе, арнайы адвокатура, ерекше әлеуметтік сүйемелдеу мен пробация қызметі әрекет етеді. Ювеналдық әділет жүйесін құру кәмелетке толмағандарға қатысты қылмыстық өндіріске жіберілетін істердің барлық сатыларда сапасын жақсартады, әр балаға жеке тәсілді қамтамасыз етеді және пени-тенциарлық жүйе мекемелеріндегі кәмелетке толмағандар санын азайтуға ықпал етеді².

Ювеналдық әділет құқықтың кез келген саласы сияқты құқықтық реттеудің пәні және әдісімен ерекшеленеді. Ювеналдық әділетті реттеуің пәнін бала емес, яғни жақтарының бірі ретінде кәмелетке толмағандар қатысатын қоғамдық қатынастардың жиынтығы құрайды. Оның негізін құқықтың әр бір саласындағы қатынастардың (конституциялық, қаржылық, салықтық, азаматтық, азаматтық іс жүргізушілік, еңбектік, әлеуметтік қамсыздандыру, әкімшілік, қылмыстық, қылмыстық іс жүргізушілік және т.б.) әдетте бала мәртебесін қамтамасыз ету жағдайы мен тәртібі құрайды: жеке мүліктік және мүліктік емес қатынастар, әлеуметтік экономикалық, саяси қатынастар. Осы көрсетілген қоғамдық қатынастар біржақты, яғни бір ғана субъект кәмелетке толмағандар ғана қатыса алады.

Ювеналдық құқықтың пәні туралы айтқанда ювеналдық құқық қатынастар ұғымын ескермеу мүмкін емес. Кәмелетке толмаған арнайы субъектілік құқыққа ие болып қоғамдық қатынастарың жүйесі ретінде анықтауға болады. Ол бұл қатынастардың басқа да субъектілерімен байланысты. Ювеналдық құқық қатынастардың ерекшелігі болып құқық қатынастың екінші субъектісі ретінде (заңды өкілдері арқылы) баланың қатысу мүмкіндігі табылады. Кәмелетке толмағандармен бұл қатынастарды реттеу кезінде арнайы жеңілдіктер ұсынылады.

Барлық ювеналдық қатынастар құқықтық реттеуге жатпайды. Олардың көбі қоғамдық моральмен және қолданылатын әдет ғұрыптармен (мысалы, достық қатынасы, құрмет, серіктестік, адалдық, махаббат) реттеледі. Құқық нормасы соңғы ерекше әлеуметтік маңыздылықтағы мойындаулары шарты кезінде және осындай қажеттілік жағдайында пайда болатын қатынастарды реттеу үшін қолданылады.

Ювеналдық құқық қатынастары шеңберінде кәмелетке толмағандардың жағдайымен, ең алдымен құқық мәртебесімен анықталады. Соңғысы тұлғалардың кәмелетке толмаған дәрежесінің ортақ мәртебесі және құқықтық қатынастың субъектінің кәмелетке толмағанының мәртебесіне бөлшекте-

неді. Құқықтың көмегі арқылы реттелетін сәйкес қатынастың барлық субъектілері жалпы мәртебеге жатады. Тұлғы, яғни ювеналды заңның позициялы сапасына ие болған, басқа тұлғалардың мәртебесіне қарағанда олардың құқықтары мен міндеттерін өзгертетін құқық жағдайлары игереді. Нақты жағдайда кәмелетке толмаған жас белгісі бойынша ерекшеленген. Жеке субъектінің мәртебесі нақты құқық қатынастың белгілерімен тіркелуімен анықталуы мүмкін. Жалпы ереже бойынша кез келген субъектінің құқық шеңберлігі осындай себеп бойынша кәмелетке толмағанның құқық жағдайымен салыстырғанда тар болып табылады. Яғни қосымша арнайы құқыққа ие болатын құқық қатынаста арнайы мәртебеге ие болып табылады.

Балаларды дәл жеткіншек шағында өзіндік дербестік толғандырады, ол әрине, басқа да жасөспірімдермен арадағы қарым қатынаста шешіледі. Әлеуметтік қорғансыздықты сезіну оларың бірігуіне әкеліп соғады. Формалдық емес жастар топтары уақыт өте келе тұрақты түрлерге келеді.

Кәмелетке толмағанның тұлғалық ерекшелігі сипаттамасының белгісі оларың физикалық қозғалғыштығы мен әлеуметтік өсуіне тікелей байланысты. Сондай ақ, кәмелетке толмағанның мінезінің айрықшалықтары – жанжалдық жағдайларда өзгеше қимыл жасауы, жастың көтеріңкі немесе төмендетілген рөлдік күтулері немесе кәмелетке толмағанның әлеуметтік статусы сипатталады. Кәмелетке толмағанның тұлғалық және мінезінің қалыптасуына ерекше әсер ететін жасөспірімнің айналасындағы ең жақын орта. Жалпы ереже бойынша құқық қатынаста балаға тәуелді субъективті құқық мен бостандықтардың көлемі ересек тұлғаның құқық мәртебесі құрылымынан аздау болуы тиіс. Бірақта осы ережеден ерекшелік қатары ескеріледі. Ювеналдық әділет жүйесі мен оның институттарының қызметі өз құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қажет ететін кәмелетке толмағандарға қатысты, ең алдымен панасыз және қараусыз қалған балалар үшін, оларды тәрбиелеген ата аналар немесе жауапты адамдар үшін жүзеге асуы керек³.

Ювеналды құқық қатынастардың маңыздылығы құқықтың талданған құқық саласы, ол ең алдымен кәмелетке толмағандардың өз мүмкіндіктерінен құқықтық қатынастың басқа жақтарын міндеттей отырып, әр түрлі қоғамдық қатынастарда олардың қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін қанағаттандырудың құқық құралдарымен бала құқығына көңіл бөлген. Ювеналдық әділеттің ұлттық жүйесінің құқықтық базасын реттейтін ұлттық заңдар және заң күшіндегі актілер блогы, бала құқықтарын қорғау ұлттық жүйенің тарихи, теориялық, саяси және әлеуметтік аспектілері,

құқық бұзушы және қылмыскер кәмілетке толмағандар, ювеналдық әділет жүйесі, бала құқықтарын қорғау туралы құжаттар жеке қарастырылады.

